

**ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ НЕГІЗІНДЕ ХАЛЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ**

**ПОВЫШЕНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ ХОЗЯЙСТВ НАСЕЛЕНИЯ
НА ОСНОВЕ ОПТИМИЗАЦИИ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ**

**IMPROVING THE ECONOMIC EFFICIENCY OF THE HOUSEHOLDS BASED
ON OPTIMIZATION OF LAND MANAGEMENT**

Г.Ф. ШИНЕТ¹

PhD докторы

Г.Н. АГАБЕКОВА¹

Э.Ф.К.

И.П. КЕНЖЕБЕКОВА²

экономика магистрі

¹ *Мирас университети*

² *Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университет*

Г.Г. ШИНЕТ¹

доктор PhD

Г.Н. АГАБЕКОВА¹

К.Э.Н.

И.П. КЕНЖЕБЕКОВА²

магистр экономики

¹ *Университет Мирас*

² *Региональный социально-инновационный университет*

G.G. SHINET¹

PhD

G.N. AGABEKOVA¹

C.E.Sc.

I.P. KENJEBEKOVA²

Master of Economics

¹ *Miras university*

² *Regional social and innovative university*

Аңдатпа. Халық шаруашылықтарының оңтайлы мөлшерін анықтау әдістері ұсынылған. Экономикалық тиімділік деңгейін өлшеуге мүмкіндік беретін модель жасаған американдық экономистердің Л. Лау және П. Йотопулос әдістемелік тәсілдері талданды. Отбасының құрамы мен экономикалық ресурсына байланысты ЖҚШ оңтайлы мөлшерін анықтайтын экономикалық-математикалық модель зерттелді. Шаруашылық қызметінің нәтижелілігіне әсер ететін факторлар мен шаруашылықтың бір қызметкеріне еңбектің нормативтік шығындары көрсетілген. Халық шаруашылықтарының мөлшерін белгілеу қағидаттары: отбасының тамақ өнімдеріне қажеттілігін қанағаттандыру, қосымша табыс алу мүмкіндіктері, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудегі жұмыстардың еңбек сыйымдылығы, өндірісті механикаландыру деңгейі анықталды. Отбасының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыратын шаруашылықтардың оңтайлы мөлшерін есептеуге мүмкіндік беретін модельдер ұсынылды.

Аннотация. Представлены методы определения оптимального размера хозяйств населения. Проанализированы методические подходы американских экономистов Л. Лау и П. Йотопулос, создавших модель, позволяющую измерять уровень экономической эффективности. Изучена экономико-математическая модель, определяющая оптимальный размер ЛПХ в зависимости от состава и экономического ресурса семьи. Показаны нормативные затраты труда на одного работника хозяйства и факторы, влияющие на результативность хозяй-

Abstract. Methods for determining the optimal size of households are presented. Analysis of methodological approaches of American economists L. Lau and P. Yotopoulos, who created a model which facilitates to measure the level of economic efficiency is presented. An economic and mathematical model has been studied, which determines the optimal size of PSF, depending on the composition and economic resource of the family. The labor costs rates per employee of the farm and the factors affecting the performance of economic activity are presented. The principles for determining the size of the households of the population are defined: the possibility of satisfying the family's need for food products, obtaining additional income, the labor intensity of work in growing crops, the level of production mechanization are presented. Models that allow to calculate the optimal size of the farms that meet the needs of the families are presented.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, сельскохозяйственные предприятия, крестьянские (фермерские) хозяйства, хозяйства населения, экономико-математической модели, затраты труда, производительность, кооперативы.

Keywords: agro-industrial complex, agricultural enterprises, peasant (private) farms, households, economic-mathematical models, labor costs, productivity, cooperatives.

Жұртшылық шаруашылығының тиімді әрекет етуін зерттеуде өзекті аспектілердің бірі шаруашылықтың оңтайлы өлшемдерін анықтаудағы әдістемелік ұстаным мәселесі болып табылады. Оңтайлы өлшемді жер учаскесінің (телімінің) болуы және әрекет

Зерттеу материалдары мен әдістері. Көлемі ірі болып келетін шаруашылықтарда тиімділікті арттыру үшін маңызды әрекет масштабтық үнемдеу болып келеді. Себебі аграрлық өндірістік саласында масштаб арқылы үнемдеуге мүмкіншілік тудыратын технологиялар баршылық. Бірақ мұндай жағдайда масштаб арқылы үнемдейміз деп, жердің көлемін шексіз ұлғайта беруге болмайды, оның белгілі өлшеміне дейін ғана ұлғайтуға болады, ал одан әрі қарай масштабты ұлғайтқанда экономикалық тұрғыдан тиімсіз болады. Шаруашылықтың әртүрлі типтерінің салыстырмалы экономикалық тиімділігін бағалауға әдістемелік ұстанымдарды құру мәселесімен американдық

экономистер Л.Лау және П.Йотопоулос айналысқан болатын. Олар экономикалық тиімділіктің деңгейін өлшеуге мүмкіншілік беретін модель құрастырған және осы әдістемені Үндістанның шағын және ірі шаруашылықтарының салыстырмалы тиімділігін бағалау үшін қолданған. Талдаудың нәтижесі ауыл шаруашылық кәсіпорынның шағын түрлерінде жоғары салыстырмалы экономикалық тиімділікті көрсеткен болатын. Алайда олар бұл қорытындыны абсолютті деуге болмайды деген болатын. Бұл нақты бір мысалға дұрыс болып табылады, ал басқа жағдайда гипотезалық басқа сәйкес экономикалық тексеруді қажет етеді [3].

Жоғарыда айтылған элементтердің оңтайлы үйлесімі шаруашылықты мейлінше тиімді жүргіздіруге мүмкіндік береді. А.В.Чаяновтың анықтауынша, «жер немесе капитал, немесе жұмыс күшінің қажетті саны оңтайлы көлемге өрістетуге жеткіліксіз болса, кәсіпорын факторларға сәйкес шағын көлемде минимумда болады» [4]. Сондай-ақ, ол «әрбір еңбектік шаруашылық өз өндірісінің табиғи шегіне ие екендігін, ол шаруа отбасының қажеттілік деңгейі жылдық еңбек күші өлшемімен лайықтығын түсіндіреді.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Жалпы жұртшылық шаруашылығының өлшемдері жайлы айтардан бұрын, оның негізгі мақсаты мен мәнін түсінген жөн. Мәселен, В.В.Григорук «жеке қосалқы шаруашылық – бұл қол еңбегі мен төмен деңгейлі еңбек өнімділігіне, жер мен малдың төмен деңгейлі өнімділігіне, жеңілдетілген технология қолдануға негізделген ұсақтауарлы экстенсивті өндіріс. Жұртшылық шаруашылығын жүргізудің табиғи және жартылай табиғи жүйелерінің кең таралуы да осы себептен» дей келе жұртшылық шаруашылығының мәнін түсіндірген [5].

Жұртшылық шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық мазмұнына үңілсек, ол өздерінің табыстары және елді мекендердегі мүлігі мен заңнамамен бекітілген мөлшер шамасындағы жерге деген жеке меншігін өзара бірлестіре өмір сүріп жатқан тұлғалардың жеке еңбегіне негізделген тұтыну шаруашылығы болып табылады [6].

Шаруа отбасылық үй шаруашылығы, дәл жұртшылық шаруашылық сияқты жалдамалы еңбекті қолданбайды, жұмсалған ресурстарға капиталистік табыс алмай-ды, ұзақ мерзім бойы жерге иелік етеді. Әйтсе де үй шаруашылықтары нарықпен байланысқан, жеке немесе несиелік қайнар көздерден капитал ала алады, қоғамдық негізделген тұрақты минималды жан басы-

на шаққандағы табысы болады, ал ол өскен жағдайда шекті пайдалылықты төмендетеді. Қарастырылып отырған теорияға сай, үй шаруашылығы мүшелерінің ауыл шаруашылығында қолданылған жұмыс күшіне төлем жасалмайды. Сонымен қатар, өндірістік факторлардың (жер, капитал) жетіспеушілігінде оларды алу үшін ауыл шаруашылық емес ақылы жұмыс атқару да әбден мүмкін.

Жалпы табыс пен материалдық шығындардың айырмашылығына тең жұмыс күшінің жұмсалудан кіріс орнына таза табыс анықталынады және жалдамалы еңбек табысымен салыстырылады. Мұндай табыс үй шаруашылығы мүшелерінің барлығының қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс және еңбек ауырлығын жоғарылатуда субъективті бағалауды қанағаттанарлық деп санауы тиіс [7].

Экономика-математикалық модельді құрудың мәні жұртшылық шаруашылығының оңтайлы өлшемін отбасының экономикалық ресурсы және құрамына сәйкес құру болып табылады. Жұртшылық шаруашылығының өлшемін бекітуде жан-ұяның азық-түлікке қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіншілігімен қатар, қосымша табыс табу мүмкіншілігін де ескеру қажет. Сондай-ақ, ауыл шаруашылық өнімдерді өндіруге қажет ауыл шаруашылық еңбек пен әрекет етуші технология, өндірістің механикаландырылу деңгейі бойынша еңбек сыйымдылығын ескерген жөн. Сол себепті еңбек бойынша шектеулерді енгізу талап етілген өнім санын өндіруге қажет еңбек шығындарын отбасының бар еңбек қорына сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

А.И. Людоговскийдің классикалық анықтамасы бойынша жер, еңбек және капиталдың саны мен сапасын, біріктірудің тәсілі мен жолы ауыл шаруашылық кәсіпорынның жүйесі болып саналады. Жұртшылық шаруашылығын жүргіздіруге жер телімінің шекті нормалары отбасыға бекітілген жердің ауданы бойынша шектеудің бекітілуін талап етеді. Отбасының азық-түлікке қажеттілігі адамның бір жылда тұтынатын негізгі азық-түліктерінің медициналық нормасына сәйкес анықталған.


Жұртшылық шаруашылығындағы еңбек шығындарының жиынтығын айлар бойынша үлестіру оның маусымдылығымен ескеріледі, оның ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы еңбектің маусымдылығынан айырмасы аз ғана болып табылады.

Жұртшылық шаруашылығындағы жасөспірімдердің еңбек қорының 2/3 бөлігі олардың оқудан бос уақыты (жаз айлары

деу әдісімен шешіледі. Жұртшылық шаруашылықтардың оңтайлы өлшемдерін анықтауды мақсат ете отырып, отбасы құрамы мен экономикалық ресурстарына байланысты келесідей үлгілер қолданылады: 1-үлгі – 5 адамнан тұратын отбасы; 2-үлгі – 4 адамнан тұратын отбасы; 3-үлгі – 3 адамнан тұратын отбасы; 4-үлгі – 2 адамнан тұратын отбасы. Оңтайлылық критеріі ретінде максималды табысты аламыз.

Жұмысшылардың категориялары	Еңбек шығыны, 1жылға сағатпен
Еңбекке жарамды ерлер	678,90
Еңбекке жарамды әйелдер	398,29
Жұмыс істейтін зейнеткерлер – ерлер	316,76
Жұмыс істейтін зейнеткерлер – әйелдер	404,7
Жұмыс істемейтін зейнеткерлер – ерлер	732,40
Жұмыс істемейтін зейнеткерлер - әйелдер	935,74
Жасөспірімдер 12-16 жас	219,06
16-дан жоғары жастағы жасөспірімдер	330,06
Ескерту - Зерттеу барысында автормен құрастырылған	

модельдеуде келесідей шектеулер ретінде
1 суретке сәйкес ескерілген.



1 сурет – Жұртшылық шаруашылығының оңтайлы өлшемін анықтаудың шарттары

Белгілі бір өндірісті жүргізудің мақсаты ең біріншіден, дайын өнімнің бағасымен анықталады. Жұртшылық шаруашылығының шаруашылық іс-әрекетінің белгілі бір бағытта болуына көптеген факторлар (малды жайылымға шығару мүмкіндігі, жемшөп қорының болуы, малды ұстау орындарының болуы және тағы басқалар) әсер етеді. Бұл факторларды ескермей жұртшылық шаруашылығының өлшемін анықтау мүмкін емес.

- 2-үлгі бойынша: еңбекке жарамды ер адам, еңбекке жарамды әйел адам, бір 12-16 жас аралығындағы бала және 16-дан жоғары жастағы бір жасөспірім алынған;

2 кесте - Отбасы құрамының әртүрлі үлгілері

Отбасы құрамы	1-үлгі	2-үлгі	3-үлгі	4-үлгі
Еңбекке жарамды ерлер, адам	1	1	1	0
Еңбекке жарамды әйелдер, адам	1	1	1	0
Жұмыс істейтін зейнеткерлер- ерлер, адам	0	0	0	0
Жұмыс істейтін зейнеткерлер- әйелдер, адам	0	0	0	0
Жұмыс істемейтін зейнеткерлер - ерлер, адам	1	0	1	1
Жұмыс істемейтін зейнеткерлер- әйелдер, адам	0	0	0	0
Жас өспірімдер 12-16 жас, адам	1	1	0	0
16-дан жоғары жастағы жасөспірімдер, адам	1	1	0	1
Жұртшылық шаруашылықтарының өлшемдері				
Егістік аудан, соттық	14	13	10	7
Ірі қара мал, бас	2	2	1	1
Оның ішінде сиыр, бас	1	1	1	1
Қой мен ешкі, бас	10	5	9	6
Құс, бас	14	13	9	8
Ескерту - Есептеу барысында автормен дайындалған				

Экономика-математикалық модельдің есептеуі қарастырылып отырған отбасыларға ірі қара мал, қой және құс ұстау барынша тиімді екендігін көрсетті. Тіршілікте малдардың кейбір түрлерін басқа түрімен алмастыру мүмкін, онда оларды ұстаудың шығындарына пропорционалды түрде олардан түсетін табыстың төмендеуі де мүмкін болады.

Экономика-математикалық модельдің шешімі бойынша бес адамнан тұратын от-

басының жеке қажеттіліктерін қамтама-сыз ету үшін 14 соттық жер, төрт адамнан тұратын отбасы үшін 13 соттық жер, үш адамнан тұратын отбасы үшін 10 соттық жер, екі адамнан тұратын отбасы үшін 7 соттық жер қажет екендігі белгілі болды. Отбасы мүшелерінің және жер телімінің ұлғаюына байланысты өткізуге арналған өнім саны да өседі (3 кесте).

3 кесте – Жұртшылық шаруашылығының өнімдерін өткізу арналары бойынша өткіздіруі, теңге

Өнім түрі	Саны, кг				Бағасы, теңге	Пайда, теңге			
	1-үлгі	2-үлгі	3-үлгі	4-үлгі		1-үлгі	2-үлгі	3-үлгі	4-үлгі
Ұйымдарға өткізу									
Ет, сойыс салмақта	0	0	0	0	1070	0	0	0	0
Сүт	0	0	0	0	100	0	0	0	0
Картоп	0	0	0	0	50	0	0	0	0
Нарықта өткізу									
Ет, сойыс салмақта	5,3	3,8	3,4	2,6	1000	5300	3800	3400	2600
Сүт	0	0	0	0	110	0	0	0	0
Жұмыртқа, дана	0	0	0	0	15	0	0	0	0
Картоп	0,5	0,5	0,1	0,4	70	35	35	7	3
Көкөніс және тамыр-жемістілер	0	0	0	0	120	0	0	0	0
Делдалдарға өткізу									
Ет, сойыс салмақта	268,2	221	272,5	189,2	900	257580	198900	245250	170280
Сүт	0	0	0	0	90	0	0	0	0
Жұмыртқа, Дана	0	0	0	0	10	0	0		0
Картоп	240,7	8,3	315,9	234,8	45	10832	374	14216	10566
Жалпы						273747	203109	262873	183449
Ескерту - Есептеу барысында автормен дайындалған									

Жұртшылық шаруашылықтарының негізгі қиындықтарының бірі өнімді өткізу болып табылады. Өнімнің айтарлықтай бөлігін делдалдар сатып алады. Оны ешкім

есепке алмайды. Оны өткізуден түсетін табысты алып-сатарлар алады, бірақ бұдан барлық деңгейлердегі бюджеттерге ештеңе түспейді. Қалыптасқан делдалдық құрылым



өнімді көтермелеп төмен бағамен сатып алып, көпшілік жағдайда халықтың өз өнімін еркін өткізуге кедергі келтіреді [8].

Әйтсе де математикалық модель бойынша орындалған есептеулер жұртшылық шаруашылығын жүргізуші отбасылар өндірген өнімнің негізгі көлемін делдалдарға өткіздіретіні белгілі болды, бұл орын алып отырған жағдайды көптеген шаруашы-

лықтар қаладан және өткізу нарықтарынан алыста орналасқандығымен түсіндіруге болады. Жұртшылық шаруашылығының өнімі пайдаланылған ресурстардың нәтижесі болып табылады, сол себепті жұртшылық шаруашылықтарының әрекет етуінің тиімділігін ресурстық ұстаным негізінде жасаған жөн (4 кесте).

4 кесте – Жұртшылық шаруашылығы әрекет етуінің экономикалық тиімділігі

Көрсеткіштер	1-үлгі	2-үлгі	3-үлгі	4-үлгі
Еңбек шығыны, сағ.	2328	1908	1598	1187
Материалдық шығындар, теңге	224156	137203	162947	110321
Жұртшылық шаруашылығы есебінен қажеттіліктерін қанағаттандыру, теңге	506062	412762	261237	174723
Өз өндірісінің өнімін өткізу, теңге	273747	203109	262873	183449
Жалпы табыс, теңге	49483	65743	99878	73073
Ескерту - Есептеу барысында автормен дайындалған				

Алынған мәліметтерді талдай отырып, келесілерді атап өтуге болады: материалдық шығындардың айтарлықтай бөлігі жемшөп сатып алуға жұмсалады екен. Осыған байланысты жұртшылық шаруашылықтар аграрлық өндірістің басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерімен өзара байланысуына міндетті. Жұртшылық шаруашылықтарының өзара байланысы, шаруа (фермерлік) қожалықтарымен және ауыл шаруашылық және өңдеуші кәсіпорындармен байланысы кеңінен дамыған.

Тұжырымдар. 1. Экономика-математикалық модельдің шешімі бойынша бес адамнан тұратын отбасының жеке қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін 14 соттық жер, төрт адамнан тұратын отбасы үшін 13 соттық жер, үш адамнан тұратын отбасы үшін 10 соттық жер, екі адамнан тұратын отбасы үшін 7 соттық жер қажет екендігі белгілі болды.

2. Экономика-математикалық модельдің есептеуі қарастырылып отырған отбасыларға ірі қара мал, қой және құс ұстау барынша тиімді екендігін көрсетті. Тіршілікте малдардың кейбір түрлерін басқа түрімен алмастыру мүмкін, онда оларды ұстаудың шығындарына пропорционалды түрде олардан түсетін табыстың төмендеуі де мүмкін болады.

3. Алынған мәліметтерді талдай отырып, келесілерді атап өтуге болады: материалдық шығындардың айтарлықтай бөлігі жемшөп сатып алуға жұмсалады екен. Осыған байланысты жұртшылық шаруашылықтар аграрлық өндірістің басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерімен өзара байланысуына міндетті. Жұртшылық ша-

руашылықтарының өзара байланысы, шаруа (фермерлік) қожалықтарымен және ауыл шаруашылық және өңдеуші кәсіпорындармен байланысы кеңінен дамыған.

4. Жалпы қорытындылай келгенде, жұртшылық шаруашылығы көлемінің оңтайландырылуы негізінде экономикалық тиімділігін арттыруға арналған математикалық есептеулер жасалды, олардың экономикалық тиімділікті арттыруға бағытталуы жұртшылық шаруашылығының ауыл шаруашылық саласындағы маңыздылығын арттыра түспек. Ауыл шаруашылығында шаруашылық жүргізуші субъектілермен жұртшылық шаруашылығын салыстырудан бөлек, олардың арасында өзара қарым-қатынастардың болуын жоққа шығаруға болмайды және оларды екі жаққа да өзара тиімді дамыту арқылы да жұртшылық шаруашылығының белсенді әрі тиімді әрекет етуіне септігін тигізуге болады. Сондықтан да жұртшылық шаруашылығының ұжымдық шаруашылықтарымен қарым-қатынастарын дамытуды жетілдірген жөн.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Шінет Г.Ғ., Мунасипова М.Е., Агабекова Г.Н. Түркістан облысында халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудегі үй шаруашылықтарының ролі // Аграрлық нарық проблемалары. - 2018. - №3. - Б. 134-140.
- 2 Савицкая Г.В. Анализ эффективности и рисков предпринимательской деятельности: методологические аспекты. - М.: НИЦ ИНФРА-М, 2014. - 272 с.
- 3 Узун, В.Я. Принципы формирования и расходования аграрного бюджета в России, США, Канаде и ЕС // Экономика сельско-

хозяйственных и перерабатывающих предприятий. – 2015. – № 2. – С. 32 – 41.

4 Чаянов А.В. Избранные труды. - М.: Финансы и статистика, 1991. – 432с.

5 Григорук В.В. Адаптация фермеров к изменению климата // Проблемы агрорынка – 2014, № 2. – С. 5–11.

6 Ыдырыс С.С., Шинет Г.Ф. Ауылдық аймақтардың дамуын қамтамасыз етуші тұрақты фактор – жұртшылық шаруашылығы // Халықар. ғыл.-тәжір. конф. материал «Агро-өнеркәсіп кешенінің индустриалды-инновациялық дамуының экономикалық мәселелері: жағдайы мен болашағы». – Астана, 2016. – Т.1. – Б. 205-208.

7 Shinet G., Myrzaliev B., Ydyrys S. Conceptual Approaches to the Study of Nature of Private Ownership of Private Subsidiary Farming during Post-Socialist Transformation in Agricultural Sector // Journal of Advanced Research in Law and Economics Biannually. – 2016. – Vol. 7, issue 2(16). – PP. 350-363.

8 Ыдырыс С.С., Шинет Г.Ф. Жұртшылық шаруашылықтарын дамыту проблемалары және оларды шешу жолдары // Аграрлық нарық проблемалары. - 2016. - №2. - Б.114-119.

Әдебиеттер тізімі

1 Shinet G.F., Munasipova M.E., Agabekova G.N. Tyrkistan oblysynda halyқты азықтылықпен қамтамасыз етудегі үй шаруашылықтарының ролі // Аграрлық нарық проблемалары. - 2018. - №3. - Б. 134-140.

2 Savickaja G.V. Analiz jeffektivnosti i riskov predprinimatel'skoj dejatel'nosti: metodologicheskie aspekty. - M.: NIC INFRA-M, 2014. - 272 s.

3 Uzun, V.Ja. Principy formirovaniya i rashodovaniya agrarnogo byudzhet v Rossii, SShA, Kanade i ES // Jekonomika sel'skohozjajstvennyh i pererabatyvajushhih predpriyatij. – 2015. – № 2. – С. 32 – 41.

4 Chajanov A.V. Izbrannye trudy. - M.: Finansy i statistika, 1991. – 432s.

5 Grigoruk V.V. Adaptacija fermerov k izmeneniju klimata // Problemy agrorynka – 2014, № 2. – С. 5–11.

6 Ydyrys S.S., Shinet G.F. Auyldyq aймақтардың дамуын қамтамасыз етуші тұрақты фактор– жұртшылық шаруашылығы // Халықар. ғыл.-тәжір. конф. материал «Агро-өнеркәсіп кешенінің индустриалды-инновациялық дамуының экономикалық мәселелері: жағдайы мен болашағы». – Астана, 2016. – Т. 1. – Б. 205-208.

7 Shinet G., Myrzaliev B., Ydyrys S. Conceptual Approaches to the Study of Nature of Private Ownership of Private Subsidiary Farming during Post-Socialist Transformation in Agricultural Sector // Journal of Advanced Research in Law and Economics Biannually. – 2016. – Vol. 7, issue 2(16). – PP. 350-363.

8 Ydyrys S.S., Shinet G.F. Zhұrtshylyq шаруашылықтарын дамыту проблемалары және оларды шешу жолдары // Аграрлық нарық проблемалары. - 2016. - №2. - Б.114-119.